"БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ"

БҰЙРЫҚ

25.07.17

Орал қ.

ПРИКАЗ

№ 632

г. Уральск

«Мектепке жол» акциясын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2017 жылғы 25 шілдедегі № 3-18-3/2439-И хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мектепке жол» акциясы (бұдан әрі – акция) 2017 жылғы 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында **«Менің таңдауым - балаларға көмек көрсету!»** ұранымен өткізілсін.

2. «Тәуекел тобындағы», тәрбиесі «қиын» мектеп жасындағы балалардың мектепке бармауының алдын алу мақсатында үйлерді аралау жұмыстары, рейдтік шаралар ұйымдастырылсын.

3. Акцияны өткізу барысында «Мектепке жол» акциясын өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар басшылыққа алынсын.

4. Бірінші сынып оқушыларына мереке ұйымдастырылсын («Бірінші сыныпқа бірінші рет», «Бірінші сынып оқушыларына сыйлық» және т.б.).

5. Акция шеңберінде демеушілік қолдау көрсете алатын ірі өндірістік компаниялар мен ұйымдардың мәлімет қорын жасақтап, олармен әріптестік қарым-қатынас орнатып, әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына әлеуметтік көмек көрсету жұмысы белсендірілсін.

6. Мектеп формасы мен кеңсе тауарларын сататын кәсіпкерлерге бағаларды төмендету туралы ұсыныспен шығып, ірі сауда орталықтарында ізгілік көмек пункттерін құру мүмкіндіктерін қарастырсын.

7. Шалғай орналасқан ауылдарға арнайы «Жылжымалы мектеп жәрмеңкесі» ұйымдастырылсын.

8. Акцияға ірі өндірістік компаниялар мен ұйымдарды тарту үшін міндетті түрде алдын ала PR-науқандарды өткізу, білім беру ұйымдарында стенд түрінде ақпаратық бұрыштарды құру, акцияның таңбасы мен сенім телефоны көрсетілген билбордтарды, баннерлерді және плакаттарды қаланың (аудан орталығының) басты көшелерінде, мекемелерінде, автобус аялдамаларында, базарларында, сауда орталықтарында орналастыру және акция логотипі басылған арнайы қағаздарды, плакаттарды тарату жұмыстары қолға алынсын.

9. Акцияның өту барысы туралы мәліметті бұқаралық-ақпарат құралдарында кеңінен жариялануы жүзеге асырылсын (жергілікті телехабарларда акцияның жүру барысы туралы сюжеттер, газеттерге мақалалар, акция туралы хабарландырулар берілсін, көпшілікке колайлы жерде сенім телефоны орнатылсын).

011801

10. Акцияны өткізу барысында балалардың әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, көмекті наразылық тудырмайтындай, жеке-жеке көрсету қажеттілігіне назар аударылсын.

11. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері акцияны басталуын және қорытындысын аудан (қала) әкімдігі мәжілістерінде қарастырып, қорытындысы бойынша ауқымды көмек көрсеткен демеушілерді марапаттасын.

12. Аудан (қала) орынбасарымен бекітілген аудандық (қалалық) жоспар және аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің бұйрықтары **а.ж. 29 шілдеге дейінгі** мерзімде басқарманың өзін – өзі тану, адамгершілік-рухани даму және балалардың құқықтарын қорғау бөліміне жіберілсін.

13. Акцияның өту барысы туралы аралық ақпарат мәтіндік және қоса берілген нысандарға сәйкес (фото-бейнематериалдармен) **8, 17, 26 тамызда** және **7, 18 қыркүйекте** аралық ақпараттың, қорытынды талдау ақпараттың ағымдағы жылдың **28 қыркүйегіне** дейін тапсырылсын (бұқаралық-ақпарат құралдарында жарияланған материалдар қоса жалғансын).

14. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысының м.а. **З.Гумарова**